

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі оқу орындарының мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 ақпандағы N 207

Республиканың қаржы жүйесі органдарын арнаулы орта білімі бар білікті мамандармен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Қаржы институтының оқу-материалдық базасын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Семей қаржы-экономикалық колледжін құру туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Қаржы институтының (бұдан әрі - институт) материалдық-техникалық базасының бір бөлігінің есебінен колледжді қажетті үй-жаймен қамтамасыз етсін;

республиканың қаржы жүйесі органдарының қажетіне қарай білікті мамандар даярлау үшін аталған оқу орындарын қажетті оқу-әдістемелік және ғылыми базамен қамтамасыз етсін;

есептеу техникасы мен оқу жабдықтарын сатып алуға кететін шығыстарды қоса есептегенде, 1996 жылға бекітілген қаржы шегінде, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне басқа шығыстарға көзделген қаражатты ескере отырып, колледжді қаржыландыруды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Қаржыминінің келісуімен бір ай мерзім ішінде бөлу балансына сәйкес тиісті үй-жайларды белгіленген тәртіппен колледждің балансына беретін болсын.

4. Семей облысының әкімі құрылысы анықталмаған, тоқтатылған, Семей қаласындағы Карл Маркс көшесінде орналасқан 60 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысын аяқтап, институт пен колледждің оқытушылары мен қызметкерлерінің тұруына бөлу үшін белгіленген тәртіппен институтқа берудің мүмкіндігін қарастырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК